




# ATLAS INTERNATIONAL REFERRED JOURNAL ON SOCIAL SCIENCES

ISSN:2619-936X



Article Arrival Date: 22.02.2017

Published Date: 15.05.2017

2017 / May

Vol 3, Issue:4

Pp:33-44

Disciplines: Areas of Social Studies Sciences (Economics and Administration, Tourism and Tourism Management, History, Culture, Religion, Psychology, Sociology, Fine Arts, Engineering, Architecture, Language, Literature, Educational Sciences, Pedagogy & Other Disciplines in Social Sciences)

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІКМЕН ӘДЕБИЕТТЕРІНІҢ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУ ҮЛГІЛЕРІ

### PERIODIZATION EXAMPLES OF THE HISTORY OF KAZAKH AND TURKMEN LITERATURE

**Bauyrzhan OMARULY**

L.N. Gumilyov Eurasian National University

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Түркі халықтары әдебиеттерінің тарихын дәуірлеу мәселесі соңғы жылдарда қолға алынып, біршама деңгейде қарастырылуда. Аталған тақырып әр елдердегі бірқатар зерттеулердің нысанасына айналып үлгерді. Осы тұрғыда түркі тілдес ұлттың сөз өнерінің ежелгі бастауларын, бүгінге дейін жүріп өткен жолын, өзіндік даму үрдістерін, бағыт-бағдарларын жан-жақты байыптаудың маңызы зор болмақ. Бұл мақала осы міндетті іске асыруды көздейді. Ол үшін белгілі бір елдің рухани құндылықтарын түркі халықтарының ортақ әдебиетінің тарихы ауқымында саралау қажет. Сонымен қатар, сол ұлт әдебиеті дамуының өзіндік ерекшеліктерін назарға алған жөн. Түркі дүниесінде айтарлықтай орны бар қазақ және түрікмен әдебиеттерінің тарихын дәуірлеу мәселелеріне осы ұстаным негіз болды.

Түбі ортақ, тілі ұқсас түркі жұртының бұтақтары – қазақ пен түрікмен әдебиетінің тарихында ортақ желілер баршылық. Осыған орай зерттеуде ежелгі дәуірден бастау алатын, екі елде бірдей таралып, қазақ пен түрікменнің төл мұрасына айналған әдеби ескеркіштерге сипаттама берілді. Сан ғасырлардан жалғасып келе жатқан әдеби процестер мен әдеби дәстүрлердің сабақтастығы жөнінде ой қозғалды. Тарих бедерінен өзінің негізін іздейтін түркі халықтарының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің озық үлгілері мен ерекшеліктері жөнінде айтылды. Елдің рухани құндылығы, мәдениеті мен өнері сол ұлттың төл тарихымен бірге дамитыны хақындағы мәселелер де қамтылды.

Бұл мақалада қазақ және түрікмен әдебиеттерінің тарихын дәуірлеу мәселесі жан-жақты қарастырылған. Зерттеуде түбі бір түркі халықтарының даму тарихындағы ортақ белгілер назарға алына отырып, екі елдің әдебиеттерінің ілгерілеу жолдарына тиянақты талдау жасалған. Қазақ және түрікмен сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктері, ұлттық үлгілері атап көрсетілген. Автор әдебиет тарихын дәуірлеудің қалыптасқан дәстүрлі әдістемелеріне қоса тарихи-генетикалық және типологиялық факторларды ескеру қажеттігін еске салады. Гносеологиялық және өңірлік маңызы бар мәселелер тұрғысынан әдеби процестердің даму заңдылығына үніледі. Сонымен қатар, қазақ және түрікмен әдебиеттеріне ортақ тұлғалар мен белгілі шығармалар жөнінде жеткілікті мәлімет берілген.

**Түйінді сөздер:** қазақ пен түрікмен, әдебиет тарихын дәуірлеу, түркі халықтарының әдебиеті, рухани құндылық, ортақ тұлғалар, ортақ шығармалар, дәуірлеу тәсілдері, типология.

#### ABSTRACT

The issue of periodization of the history of the Turkic peoples' literature has been widely studied in recent years. The given linguistic issue has been a subject for a number of studies in various countries all over the world. In this context, it is important to analyze and understand the ancient background of the Turkic-speaking peoples' oral literature, its history, the tendencies and trends of its development. The current work deals with the implementation of this task. For this purpose it is necessary to differentiate the spiritual values of a certain country within the history of the common literature of the Turkic peoples. In addition, it is crucial to take into account the peculiarities of the national literature development. This position is the most important in the periodization of history of the Kazakh and Turkmen literature, which plays a significant role in the Turkic world.

There are a lot of common features in the history of Kazakh and Turkmen literature and this phenomenon can be explained by common roots, similar languages of the Turkic peoples. In this regard, the study describes literary monuments, which originated from the ancient times, spread both in the two countries and became the heritage of the Kazakh and Turkmen people. The bond between long literary processes and literary traditions that lasted for centuries is mentioned as well. The best examples and peculiarities of the oral and written literature of the Turkic peoples seeking their origin in the history of development are given. These information about significant periods in the history of literature, researchers dealing with periodization, their own principles and methods is offered. Issues related to the parallel development of spiritual values, culture and art of the country with the history of the same nation were considered as well.

The article under consideration deals with the periodization of the history of Kazakh and Turkmen literature. The comprehensive analysis of literature development of the two countries is carried out. The common features in the history of development of Turkic peoples are taken into account during research. Specific features of Kazakh and Turkmen literature and national samples are mentioned. The author reminds us about the need of taking into account the historical, genetic and typological factors, including the traditional methodology in periodization the history of literature. He calls attention to the issues of gnosiological and regional importance in the study of literary processes' development. The sufficient information on the common figures and popular works of fiction of Kazakh and Turkmen literature was provided as well.

**Key words:** kazakh and turkmen, periodization of history of literature, literature of Turkic nations, spiritual values, common figures, common works of fiction, periodization methods, typology.

Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелерінің бірі – оның ілгерілеу кезеңдерін саралап, әр дәуірге бөліп қарастыру жайы. Бұл проблема қай кезде де ел тарихының маңызды бір бөлігі ретінде зерделеніп келді. Әсіресе, бұрынғы кеңестік кеңістікте болған мемлекеттер тәуелсіздік алғаннан кейін сөз өнерінің шежіресіне басқаша көзқараспен үңіліп, әдебиеттің тарихын жаңаша түзуде. Бұл тұрғыда түп тамыры бір түркі халықтарының әдебиеттеріндегі ортақ даму үрдістері ескерілмей қалмайды.

Қазақ тарихы мен әдебиетінің тарихын дәуірлеудің үлгісі бекерден-бекер ұсынылып отырған жоқ. Рухани дамуымызда қазақ пен түрікменді байланыстыратын мысалдар баршылық. Тіпті, «Бір шежіре аңызда қазақ пен түрікменді бір атадан таратады. Ағайынды екі ұлдың аты Сейілхан мен Жайылхан болып келеді. Сейілханнан түрікмен, Жайылханнан қазақ туады. Аңыз бен шындық арасы қаншалықты бірлестік табатыны – өз алдына бір мәселе. Екі халықты осылайша жақындатып көрсететін шежіренің туу сыры да тегін болмаса керек» [1, 98-99], – дейді қазақ ғалымы Р.Бердібай.

Жалпы, белгілі бір халықтың әдебиетінің тарихы сол елдің төл тарихымен сабақтас дамитыны ақиқат. Түркі тілдес ұлыстардың бірі – түрікмендердің тарихы да әріден бастау алады. Әр ұлттың даму жолының өзіндік ерекшелігі болады. Түрікмендер де – өзге елдер сияқты бірнеше ғасырлар бедерінде түрлі факторлардың ықпалымен түзіліп, қалыптасқан іргелі халық.

Әрине, тәуелсіздікке ұмтылған жылдарда әр халық өз тарихына жаңаша көзқарас танытқаны, өздерінің бастауларын ілгергі замандардан іздеуге тырысқаны белгілі. Түрікмен халқы да өз тарихының ақтаңдақ сәттерін қалпына келтіріп, жаңа жылнамасын түзгені анық. Демек, түрікмен әдебиетінің тарихын жаңаша көзқараспен дәуірлеу барысында да осы үлгі басшылыққа алынбақ. Олар адамзат тарихының барлық кезеңінде «түрікмен» атауын қолданады. Түркі халықтарына ортақ тарихтың өзінде «түрікмен» ұғымы қоса жүреді. Мұны елдік рухтың биіктігі деп бағалаған жөн шығар. Басқа елдер сияқты түрікмен халқы да өз тарихында түзілуді, іргеленуді, ыдырауды, отарлануды бастан кешті. Оның тағдыры кеңестік жүйенің құрамында болған өзге республикалардың тағдырымен сабақтас. Ал әдебиетке сол халықтың басынан өткен тарихи оқиғалардың ықпалы болмай қалмайды. Әсіресе, түркі тілдес елдердің әдебиет тарихындағы ортақтық бұл елдердің өз тарихының да бір-біріне ұқсас



жағдайда дамығанын көрсетеді. Бұл – әдебиет тарихын дәуірлеу барысында ескерілетін факторлардың бірі.

Егер әдебиетті дәуірлеуде тілдік факторды назарға алатын болсақ, арғы тарихқа тереңірек үңілуіміз керек. Өйткені, қай шығарма қандай тайпалар мен ұлыстар бірлестігінің тілі негізінде қалыптасқанын айқындап алу маңызды. Қазіргі түрікмен тілі орныққанға дейін түрікмен жерінде басқа тілдерде шығармалар өмірге келгені белгілі. Себебі, «Біздің эрамызға дейінгі 1 мыңжылдықтың алғашқы жартысында қазіргі Түрікменстанның территориясын отырықшы иран тілдес халықтар мекендеді. Амударияның төменгі сағасында хорезмиліктер, оңтүстікте парфиялықтар, одан басқа көшпелі малшылар тайпалары – дахалар, сақтар мен массагеттер болды» [2, 5].

Ежелгі түрікмен жерін мекен еткен халықтардың бәрінің де өзіндік әдебиет үлгілері болды. Сақтар мен массагеттердің көсемі Томирисінің Парсы патшасы Кирді жеңгені туралы қаһармандық эпос және сақтарға шабуыл жасаған парсы патшасы Дарий біріншінің масқара болып жеңілуі туралы эпос – біздің дәуірімізге дейінгі 500 жылдардың жемісі. Көне дәуірдегі осындай ілкі әдебиет нұсқалары кейінгі түрікмен әдебиетіне соны соқпақ салды.

Түрікмен әдебиетінің бұдан кейінгі даму жолы елдің аумағына түркілердің келуімен тікелей байланысты. Бұл тұстағы шығармалардың біразы түркі тілдерінде жазылды. Сондықтан осы кездегі әдебиет нұсқаларын қай тұрғыдан дәуірлеу туралы мәселе туындайды. Не тілдік ерекшелікті, не әдебиеттің даму үрдісін немесе қоғамдық сипатты басшылыққа алуымыз керек. Осыған орай дәуірлеу принципін айқындап алған жөн. Бұл түрікмен тарихындағы бетбұрысты кезең болғандықтан ерекше мән беріледі.

Түрікмендер оғыздарға жатады десек, бұл тайпаның атауы ежелгі түркі руникасымен таңбаланған жазба ескерткіштерінде аталды. X ғасырда Солтүстік Түрікменстан мен Қазақстанның Оңтүстік батысын оғыздар жайлады. Түркі тілдерінің оғыз тобы орнықты. Бұл қазіргі түрікмен тіліне негіз болды. «Түрікмен сөзі ғылыми әдебиеттерде X ғасырдың екінші жартысынан бастап кездеседі. Сөйтіп, түрікмен халқы ежелгі иран тілдес халықты түркілердің ығыстыруы арқылы, соның этногенезінде оғыз тайпаларының басым болуы негізінде қалыптасты» [2, 6].

Қай дәуірде де әдебиеттің дамуына қоғамдық-тарихи ахуалдың ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Түрлі жағдайлармен белгілі бір мекенді қоныстанған ұлыстар сол елге өзінің рухани үрдісін сіңіреді. Немесе өзінен тегеурінді елдің рухани құндылықтарын қабылдап, соған бейімделеді. Оғыз тілдері тобына жататын түрікменнің рухани қазынасы да осындай аласапыран замандардың ықпалымен қалыптасып, бірте-бірте ұлыстық ерекшелігін тапты.

Түрікмен еліндегі көптеген зерттеулер оғыздар мен түрікмендердің өзара байланыстылығын, тарихының ортақтығын, дәстүрінің сабақтастығын айшықтап көрсетуге арналған. Оғыз ханды ұлтбасы санайтын түрікмендер оның тарихи тұлғасын да, әйгілі «Оғызнама» ескерткішін де ерекше қадірлейді. Сөйте тұра олар оғыздар мен түрікмендердің ортақтығын әйгілеп қана қоймай, осы екі тайпаның ара жігін де ажырата біледі. Мысалы, тарихшы С.Агаджанов: «Орта ғасырлық оғыздар мен түрікмендер бір-біріне өте жақын болды. Бірақ бірінен мүлде айырмасы жоқ, барлық жағынан ұқсас, тура бірдей халық болған жоқ. Негізгі ұйтқысы ежелгі үнді-еуропа даласы мен Каспий маңы халқының түркіленген ұрпақтарынан құралған оғыздарды түрікмендердің тек жалғыз бабасы деп санауға болмайды. Алайда, оғыздар тегінің этникалық компоненттері түрікмен халқының қалыптасуында өте маңызды роль атқарды» [3, 6], – деп тұжырымдайды.

Түрікмендердің фольклорлық мұрасында эпостық шығармалар жеткілікті. Барша түркі халықтарына ортақ көне түркі жазба ескерткіштері, «Қорқыт ата кітабы», «Көрұғлы» жәдігерліктері түрікмен әдебиетінің де шоқтығы биік шығармалары болып саналады. Тек Көрұғлы ғана емес, орта ғасырлардағы бірқатар халықтарға ортақ әдеби тұлғалардың көпшілігінің болмыс-бітімі әдебиетті дәуірлеу кезінде жан-жақты саралауды қажет етеді. Бұл дәуір түрлі халықтардың әдебиетінде әрқилы баяндалады, бірінде сол тұстағы хандықтардың атымен байланыстырылады, екіншісінде кезеңнің сипатына қарай бірнеше ғасырға топталып бөлінеді, үшіншісінде жанрлық немесе тілдік жіктелу тұрғысынан ажыратылады.

Түрікмен әдебиеті үшін XI ғасырда өмір сүрген «Мяне баба» деп аталған ғұлама Әбу-Саид Әбіл-Хайыр Мехнеидің орны ерекше. Халықтың айрықша ықыласын иеленген ол сопылық ілімнің сұлтаны саналады. Ашхабатқа жақын «Абиверд» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының аумағындағы «Мяне бабаның» кесенесі түрікмен халқының қасиетті рухани құндылығы ретінде қадірленеді. Қазақ әдебиетіндегі сопылық ілімнің басында Қожа Ахмет Иассауидің тұратыны сияқты Мяне бабаның шығармашылығы осы тақырыппен тығыз байланыстырыла бағаланады. Түрікменнің ұлы ойшылы сопылық ілімге негізделген тұтас бір мектептің негізін қалаған.

Әдеби тұлғалардың шығармашылық рухтастығы, туындыларының тақырыптық-мазмұндық үндестігі әдебиет тарихының тұтастығына негіз қалайды. Олар ұлт әдебиетіндегі тарихи тамырластықты, халықтың ой-арманымен ұштасатын дәстүр сабақтастығын жалғап, ғасырдан ғасырға жеткізеді. Түркі халықтары мұндай шығармашылық өкілдерін тарихи дәуірлердегі тұлғалар галереясы ретінде қарастырады. Салт-санасы жоғары, ұлттық танымы биік түрікмендер де осы қағиданы берік ұстанады.

Қазақ әдебиеті мен түрікмен әдебиетін сабақтастыратын ортақ жәдігер – «Оғызнама». Бұл – бүкіл түрік халықтарына тиесілі шоқтығы биік шығарма, теңдессіз әдеби-тарихи ескерткіш. Түрікмен халқы оны өз рухының баламасы ретінде бағалайды, төл тарихының орта ғасырдағы шежіресі деп санайды. Оғыздар тарихы – түрікмен ғана емес, қазақ тарихының да бөлінбес бөлшегі. Олардың қазақ жерінде қоныстанып, тіршілік кешкені, қос халықтың мәдениеті мен тұрмысы, рухани құндылықтары біркелкі дамығаны баршаға белгілі. Мұны оғыздар тарихын зерттеуші ғалым С.Г.Агаджановтың: «IX – XI ғасырларда оғыздардың көпшілігі жартылай көшпелі және көшпелі өмір салтын ұстанды. Олар Каспийдің Солтүстік жағалауына, Сырдарияның төменгі сағасына және Арал теңізі маңындағы далалық жерлерге тығыз қоныстанды» [4], – деген мәліметі айғақтай түседі. Сонымен қатар оғыздар қаласы жөніндегі мәселеге арнайы тоқталған академик К.Байпақов «археологиялық материалдарды талдау және керамиканы зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, оғыздардың Қазақстанның орта ғасырлық қалаларда мекендегенін нақтылай түсуге болатынын» [5, 70] айтады.

Қазақ пен түрікменге ортақ тасқа қашап жазылған көне түркі ескерткіштері, Қорқыт ата кітабы, Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігі, «Көрұғлы», «Оғызнама» эпостары – қос халықтың мұрасын биік деңгейге көтеріп тұрған шығармалар. Олар біздің әдебиетті дәуірлеу тәжірибемізде қандай орын алса, түрікмен әдебиетінің тарихын кезеңдеу барысында да соншалықты деңгейде болуға тиіс. Себебі, бұл шығармалардың белгілі бір дәуірде туып, дамып, жетілуіне, бүгінге дейін желісін үзбеуіне біркелкі факторлар әсер еткені анық. Қорқытты түріктермен және эзербайжандармен көбірек ортақтастыруға дағдыланған біз оның түрікмен әдебиетінің ұлы тұлғасы екенін, сабақтас тарихымыздың бір бастауы сол кезеңде жатқанын ұмытпағанымыз абзал. Себебі, «Қазіргі түрікмен мен қазақтың құрамына енген



рулардың біразы сонау IX – X ғасырларда Сырдария бойында оғыз-қыпшақ бірлестігі қарауында болғанын да тарих деректері растайды. Қорқыт атына байланысты оғыз эпосының алғашқы баптарында дәл осы кезеңнің шындығы елес беретіні де анық» [1, 99].

Екі елдің әдеби мұрасын дәуірлеуде ортақ тиянақ болатын шығарма – 16 ғасырдың соңғы жартысында шыққан көне эпос – «Көрұғлы». Бұл эпоста өмірге келуінің өзі адам сенгісіз аңызбен байланыстырылатын Көрұғлы батырдың қаһармандық істері, елін қорғаудағы ерлігі, дұшпандарымен шайқастағы табандылығы, халыққа қамқорлығы жан-жақты баяндалған. Шығармада қиял-ғажайып ертегілерге тән сюжеттер молынан қамтылған. Зерттеулерде «Көрұғлының» әзербайжан, армян, грузин, күрд, түрік, өзбек, түрікмен, тәжік және қазақ нұсқалары бар екені, барлық версиялар бойынша Көрұғлының түрікмен халқының теке-жәуміт руынан шыққандығы айтылады [6, 49]. Осыған орай Р.Бердібай «Қазақ пен түрікмен қатар жырлап келген «Көрұғлы» туралы да ұзақ тоқталуға болар еді. «Көрұғлы» тек осы екі халыққа ғана емес, Орта Азияның өзге жерлеріне де кең таралған. Ауыз әдебиетінің эпостан өзге салаларында да қазақ пен түрікмен халықтарына ортақ сарын толып жатыр» [1, 99], – деп тұжырым жасай келіп, XV – XVIII ғасырлар туындысы деп есептелетін осынау «Көрұғлы» эпосында түрікмен халқының бостандықсүйгіш батыр сипаты көрінгенін айтады [1, 110].

Ә.Қоңыратбаев «Көрұғлы» эпосының қазақ тілінде туған жиырма сегіз нұсқасы бар екенін айтып, қазақ жырларында түрікмен нұсқасымен ұқсастық көп екенін баяндайды. Ол «Жырды кім қайдан алды дегеннен гөрі сюжет қашан, қалай туды, оның ортақтығы неде деген мәселе шындыққа жақындау. «Көрұғлы» сюжеті көптеген елдерге ортақ. Бірақ ол бір ғана XVI-XVII ғасырларды емес, көп заманның оқиғаларын қамтыған кәрі сюжет болса керек» [7, 255], – деп тұжырым жасайды. Осыдан келіп эпос қай дәуірдің жемісі деген мәселенің басы айқындала түседі.

Түрікмен әдебиетінде айрықша орны бар бұл эпостың тарихы мен табиғатын зерттеушілер оның қазақ халқына қатыстылығы жөнінде мысалдарды көбірек келтіреді. Қазақ пен түрікмен халықтарының арасында ежелден әдеби байланыс дәстүрі орныққан. Бастау көзіміз саналатын көне дәуірлерге зер салсақ, ортақ құндылықтардың аз емес екенін аңғарамыз. Олай болса, «Көрұғлының» қазақ халқына қанықты жыр екенін дәлелдейтін мысал көп. Ежелден жапсарлас жатқан түрікмен, қазақ елдерінің әдеби байланыстары да аз болмаған. Қазақ ақыны мен жыршысы түрікмен жеріне, түрікмен шайыры мен бақшысы қазақ ауылдарына қатысып тұрған. Міне, мұндай жағдайда ән-күй, өлең-жыр ауысу, біреуден біреу үйрену, еліктеу үйреншікті көрініс. «Көрұғлы» дастаны 1885 жылы Қазанда қазақша қисса болып басылған. XX ғасырдың алғашқы ширегінде осы қисса бірнеше рет қайта жарияланған» [1, 111].

XVII ғасыр – түрікмен әдебиетінде «Гөр-оғлы» эпосының қалыптасып, орныққан кезеңі. Қазақтарда «Көрұғлы», Әзірбайжанда «Кер-оглы», тәжіктерде «Гургули» деп аталатын дастанның әр елдегі нұсқаларында түрлі айырмашылықтар бар. Шығарманы арнайы зерттеген мамандар түрікмен эпосында өлеңге қарағанда прозамен баяндалатын тұстар көбірек екенін тілге тиек етеді. Эпоста қолданылған өлеңдер негізінен қаһармандардың аузынан айтылады. Өзге халықтардың әдебиетіндегі «Көрұғлының» нұсқаларында өлеңнің ауқымы қара сөзден көбірек болады. Ал бұл эпостың тәжік әдебиетіндегі нұсқасы түгелдей өлеңмен айтылады [8, 415]. Түркі халықтарының ортақ әдебиетінің тарихында тұтас бір дәуірдің сипатын танытатын шығарма ретінде «Көрұғлы» эпосына айрықша назар аудару керек. Өйткені Орталық Азия халықтарының әдебиеті тарихын зерттеген ғалым И.С.Брагинский айтқандай, «Гөр-оглы» Орталық Азияның барлық халықтарының мәдениетіне қосылған аса бағалы үлес

болып саналады. Кейінірек, XVIII ғасырда өзбектердің, кейіннен тәжіктердің қаһармандық эпосы түрікмен нұсқасымен тығыз бірлікте дамиды» [8, 415].

«Орхон-Енисей ескеркіштері», «Қорқыт ата кітабы», «Көрұғлы», «Диуани лұғат ат-түрік» сияқты тұтас рухани қазынаның ортақтығын былай қойғанда екі елдің әдебиетінде кейбір шығармалардың жекелеген сюжеттер ұқсастығының мысалдары да жетіп артылады. Мұның бәрі елдердің ортақ тарих ауқымында дамығанын, біркелкі ахуалды бастан өткергенін, халықтың өсіп-өркендеуіне өзара үйлесімді факторлар ықпал еткенін, соған орай мәдениеті мен әдебиетінің сабақтаса ілгерілегенін айғақтайды. Сондықтан болса керек, «Туысқан түрікмен халқының асыл дастандарының бірі – «Шахсәнәм мен Ғаріп» кей тұстарында қазақтың эпостық туындысы «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» еске салады» [1, 111].

XVII-XVIII ғасырлардағы Орталық Азия елдерінің әдебиеті мұсылман мәдениеті дәстүрлерімен тығыз байланысты болды. Дінді таяныш еткен әдебиет те дәуірдің сипатын бере алатыны белгілі. Бұл орайда А.Байтұрсыновтың қазақ әдебиетін «сындар дәуір», «діндар дәуір» деп жіктеген тәжірибесін естен шығармауымыз керек.

XVIII ғасырда өмір сүрген түрікменнің ұлы ғұламасы, ойшыл ақыны Мақтымқұлы Фрагидің әдебиеттегі орны ерекше. Оның ақындық тұлғасы түрікмен рухының бір рәмізі секілді бағаланады. Кейде біздің қазақ әдебиетінің даму кезеңін шартты түрде «Абайға дейінгі әдебиет» және «Абайдан кейінгі әдебиет» деп бөліп жүргеніміз сияқты Мақтымқұлы да түрікмен әдебиеті тарихын дәуірлеу барысында аралық биік өлшем бола алады. Түрікмен әдебиетін зерттеуші М.Агаеваның тұжырымына сүйенсек, «Мақтымқұлының тамаша поэзиясының алтын арқауы түрікмен фольклорында, ақынның халықпен тығыз бірлікте болғандығында, олардың ой-арманы мен мұң-шерін өзінің философиялық толғамға толы айшықты өлең-жырларында айқын таныта білуінде. Оның шығармашылығы Шығыстың көршілес елдерінің фольклорымен және әдебиетімен берік сабақтасып жатады» [9, 14-15].

Әдебиет тарихын дәуірлеу сол әдебиеттегі тұғырлы тұлғалар мен елеулі құбылыстардың сөз өнеріндегі үйлесімін ескере отырып жүзеге асырылады. Мақтымқұлы Фраги – түрікмен әдебиеті үшін сондай тегеурінді тұлға, әрі қайталанбас құбылыс. Фрагидің ұлт рухына айналған классикалық шығармалары түрікмен әдебиетін биік белеске шығарған тұтастай бір дәуірдің табиғатын танытады. М.Агаева оның ақын ретіндегі ең басты ерекшелігін былайша атап көрсетеді: «Мақтымқұлы түрікмен поэзиясында алғаш рет қарапайым адамдардың бәріне түсінікті халықтық тілмен жазды. Түрікмен ақынының шығармашылығына қатты қызыққан М.Е.Салтыков-Щедрин: «Осы бір талант иесін Шығыстың Шиллері дер едім. Мен оны Александр Сергеевичпен қатар қоюдан тартынбаған болар ем» деп бекер айтпаса керек» [9, 15]. Олай болса, түрікмен әдебиетінің сипатын өзгерткен Мақтымқұлы поэзиясы әдебиетті дәуірлеуде бағдар алатын нақты өлшемнің бірі болуға әбден лайық. Оның шығармалары Ғ.Орманов, Ғ.Қайырбеков, Д.Қанатбаев, С.Нұржан аудармалары арқылы қазақ топырағына жақсы таныс. Фрагидің ұлт рухына айналған классикалық туындылары түрікмен әдебиетін биік белеске шығарған тұтастай бір дәуірдің табиғатын танытады.

Түрлі факторлардың салдарынан XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Орталық Азия халықтары әдебиетінің дамуы жөніндегі ой-пікірлер әркелкі қалыптасқан. Кеңестік жүйедегі одақтас республикалардың көп ұлтты халқының әдебиетіне өзгеше талап қойылғаны, шетелдік ғалымдар арнайы келіп қарастыруға мүмкіндігі болмағандықтан, өз ішімізде жарияланған зерттеудің негізінде зерттеу жүргізгені жасырын емес. Шындығында, бұл дәуір түрікмен әдебиеті үшін жемісті болғаны, ұлттық сананың



оянуу арқылы рухани құндылықтардың биікке көтерілген кезеңі саналғаны белгілі. Сондай-ақ зерттеуші З.Османова бұл кезеңдегі өзбек ақыны Махмур мен түрікмен ақыны Кеминенің элеуметтік ұстанымынан, қазақ ақыны Махамбет пен түрікмен шайырлары Зелили мен Сеидидің жорық жырларынан сабақтастық іздейді [10, 462].

Кеңестік республикалардың әдебиеті өз дәуірінде мейлінше дамыды. Бұл халықтардың арасынан бүкіл одаққа танымал қаламгерлер шығып, ұлттық әдебиеттің ұлы тұлғаларына айналды. Қазақ әдебиетінде М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, кейінгі буының өкілі Ә.Нұрпейісов қандай танымал болса, түркі тілдес одақтас республикалардан да осындай тұлғалар дараланып шықты. Солардың бірі – түрікмен әдебиетінің аса көрнекті өкілі Берді Кербабаетың шығармашылығы бұрынғы одақ жұртшылығына жақсы таныс болды. Оның әдебиетті ілгерілетудегі жетістіктері, қаламгерлік шеберлігі туралы энциклопедиялық анықтамалықтарда жан-жақты атап өтілді.

Қазақ-түрікмен әдеби байланыстары кеңес дәуірінде де жүйелі жалғасты. Біздің қазақ қаламгерлері түрікмен жазушыларының шығармаларын ана тілімізде сөйлетті. Ал түрікмен жазушысы Тіркіш Жұмагелдиев қазақ жазушыларының шығармаларындағы түрікмендер мәселесіне назар аударады. Ол бұл орайда Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романын, Әбіш Кекілбаевтың «Күй» повесін және Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясын бөліп қарастырады. Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романын талдай келіп, «Атаман Дутовтың казактарына қарсы қыл мойын, қамыс құлақтарға қонжия қонған қаба телпекті түрікмен жігіттерінің дүркірей шабуылға шыққанын сипаттайтын жолдарды оқығанда рахатанып қаласың. Олардың бұдан былай қазақ даласына тек достық сапармен келетініне сүйсінесің» [11, 138], – дейді. Бұл мақала ілгеріректе Түрікменстанның «Әдебият ве сунгат» газетінде жарияланған.

Енді екі елдің әдебиет тарихын дәуірлеудегі өзіндік тәжірибелеріне және ерекшеліктеріне тоқталайық. Шығыстанушы ғалым Ислам Жеменей қазақ елінің саяси тарихын жазба деректер негізінде жеті дәуірге бөліп қарастырады. «Біріншісі – Ежелгі дәуір. Қазіргі Орталық Азия Тұран деп аталатын дәуір. Бұл дәуір VIII ғасырға дейін созылады. Екіншісі – Орта ғасырлық дәуір (751-1465). Бұл дәуірдің бастау мерзімі Ислам дінінің шығуы, дамуы, өркендеуімен байланысты. Үшіншісі – Қазақ хандығы дәуірі. Бұл дәуірдің басты ерекшелігі – ел болып қалыптасуды қамтамасыз ету болды. Төртіншісі – отаршылдық жүйенің дендеу кезі (1824-1904). Бұл қазақ халқының Ресейдің отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық күресінің езіліп-жаншылған тұсы. Бесіншісі – Алаш дәуірі. Елдің жаңа саяси жүйесін жасауға талпыныс дәуірі. Алтыншысы – кеңестік дәуір. Жетіншісі – Тәуелсіздік дәуірі» [12], – дейді ғалым. Осы үлгіні ұстансақ, түркімен әдебиетінің тарихын шамамен былайша дәуірлеуге болар еді. Біріншісі – Ежелгі дәуір әдебиеті. Екіншісі – Орта ғасырлық дәуірдегі әдебиет. Үшіншісі – Түрікмен елінің іргеленген дәуірдегі әдебиеті. Төртіншісі – отаршылдық жүйедегі әдебиет. Бесіншісі – кеңестік дәуірдегі әдебиет. Алтыншысы – Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет.

«Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты ұжымдық еңбекте әдебиет тарихының дәуірлері былайша жіктелгені зерттеушілердің назарын аударады: 1. Ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті. 2. Ежелгі түркі әдебиеті (V-XV ғ.ғ.) 3. Қазақтың төл әдебиеті (XV-XVIII), 4. XIX ғасыр әдебиеті. 5. Жаңа жазба әдебиет. 6. XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет [13, 138]. Әрине, бұл қазақтың төл әдебиетінің даму жолына арналған кезеңдеу үлгісі болғандықтан өзге елдің сөз өнерінің даму ыңғайына үйлес келе бермейді. Бірақ бір кезде тарихымыздың ортақ болғанын ескере отырып, бір-бірімен сабақтас дәуірлерді белгілеуге болады деп санаймыз. Осы тұрғыдан алсақ, «Ежелгі тайпалар

әдебиеті», «Парсы тілді және түркі тілді әдебиет», «Орта ғасырлардағы түрікмен әдебиеті», «XVIII-XIX ғасырлардағы түрікмен әдебиеті», «XX ғасырдағы түрікмен әдебиеті», «Қазіргі кезеңдегі түрікмен әдебиеті» деп хронологиялық сипатпен жүйелеудің мүмкіндігі бар.

Ортақ дәуірдің ортақ шығармалары әдебиет тарихын дәуірлеу кезінде де біркелкі сипатта кезеңдеу қажеттігін туындатады. Бұрынғы дәстүр бойынша қай елдің әдебиет тарихында да «Орта ғасырлардағы әдебиет» деп жалпы дәуірлеу үлгісі қалыптасқан. Сондықтан барлық түркі тілдес ұлттар мен ұлыстарға ортақ рухани жәдігерліктерді «Түркі халықтарының орта ғасырлардағы әдебиеті» деп атап, тұтастай бір кезеңге телуге де болар еді. Бірақ әр халықтың өзіндік ерекшелігін, әдеби-тарихи мұраға көзқарасын ескермеуге тағы болмайды. Мәселен, бір ұлт белгілі бір шығарманы ортақ құндылық деп санайды, екінші ұлт сол туындыны тек өз ұлтының төл тарихымен ғана тығыз байланыстырады. Түрікмендер ұлт рухының көрінісі деп шексіз дәріптейтін «Оғызнама» дастанын әдеби шығарма деңгейінен асырып, ұлт тарихының жылнамасы ретінде қадірлейді.

Дәуірлеу барысында айрықша маңыз берілетін кезең – түрікмен әдебиетінің түркі тілдес шығармалармен толыққан кезі. Шығыс әдебиетінің бәріне тән жанрлар түркі халықтарының тілдерінде жалғасын тапты. «11-12 ғасырларда түрікменнің халықтығы, мәдениеті, оның ішінде әдебиетінің қалыптасуы жеделдей түсті. Түркі тілдес ғалымдар мен ақындар пайда болды» [14, 414], – деген байыптама осы дәуірдің табиғатын танытады.

Түрікмен әдебиетінің орта ғасырлық өкілдері ортақ рухани құндылықтың дамуына түрліше үлес қосты. Бірі фольклорлық үлгілерді көлемді сюжеті бар шығармаларға айналдырды, екіншісі дидактикалық-философиялық мәні терең туындыларлы өмірге әкелді, үшіншісі лирикалық өлеңге формалық ерекшелік дарытты, т.б.

Осындай ежелгі әдебиет нұсқалары аса бай түрікмен әдебиетінде дәуірлеудің мысалдары онша байқала бермейді. «Түрікмен кеңес әдебиеті тарихының очеркінде» бертінге дейінге дейінгі әдеби құндылықтар «Түрікмен халқының көркем мұрасы» деген жалпы атаумен ғана белгіленді. Әдеби шолу түріндегі зерттеулер көптеп кездескенімен нақты әдебиет тарихын дәуірлеудің ұсынылған тәжірибелері көзімізге түсе қоймады. Әйтсе де, бірқатар еңбектерде әдебиетті дәуірлеу үлгілеріне жол ашатын мысалдар байқалып қалады. Мысалы, түрікмен әдебиетінің ежелгі тарихын зерттеген ғалым Р.Реджеповтің өз еңбегіне арналған аңдатпасы көне мұралар қатарға қосылған уақытты анықтап, кезеңдеудің сұлбасы десе де болады. «Біздің бұл еңбегіміз VIII-XII ғасырлар әдебиетін қамтиды. Бұл жерде VIII ғасыр әдебиеті ретінде «Оғыз-Орхон жазулары», IX ғасырдың соңы мен X ғасырдың басындағы әдебиет ретінде түрікмен жазушысы Горкут Атаның «Китабы Дәде Горкут» шығармасы, XI ғасыр әдебиеті ретінде Махмұт Қашқаридың «Дивани лұғат ат-түрік» сөздігіндегі аталар сөздері, өлең үзінділері, XII ғасыр әдебиеті ретінде «Оғызнама» ескерткіші талданады» [15, 5], – дейді зерттеуші.

Әдебиетті дәуірлеуде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ара жігін айқындау мәселесі де елеулі роль атқарады. Бұл ретте басын ашып алатын бірқатар жайттар бар. Мысалы, жазба әдебиеттің тарихы ілгеріден басталады десек те, одан кейінгі дәуірлерде ауыз әдебиеті қатар жалғаса беруі мүмкін. Көне түркі жазбаларын әдеби шығармалардың алғашқы нұсқалары деп танығанымызбен, кейінгі классикалық жазба әдебиеті қалыптасқанға дейінгі аралықта фольклор үлгілерінің үздіксіз дамығанын жоққа шығара алмаймыз. Осыған орай мұны дәстүр жалғастығы бойынша межелеу қажеттігі туындайды. Сол өлшеммен алсақ, «XVII ғасырға қарай түрікмен жазба әдебиеті



айқындала бастайды. ...Бірақ бұл деректерге қарап, түрікмен әдебиетінің болмысын қалпына келтіре алмайсың. Оның үстіне өлеңдер жалпы халыққа ұғынықты түрікмен тілінде емес, парсы және түрік тілінде жазылған» [8, 415].

Түрікмен әдебиетінің тарихындағы маңызды кезеңнің бірі – отаршылдық дәуіріндегі әдебиет. Қазақ әдебиеттануына М.Мырзахметов зерттеулері арқылы сіңген осы термин біршама қалыптасып кетті. Ол қазақ әдебиетіндегі отаршылдық дәуірдің өзін үш кезеңге бөліп қарастырды [16, 181-192]. М.Әуезов отаршылдық кезеңін қазақ әдебиетіндегі жүз жылға созылған зар заман дәуірі деп атағаны белгілі [17, 210]. Түрікменстан да барша халыққа қиындық әкелген отаршылдық нәубетін бастан кешті. Талай уақыт жабық тақырып саналған бұл кездің әдебиеті жаңаша көзқараспен зерделеуді талап етеді. 1916 жылы қазақ жерінде ұлт-азаттық көтеріліс болып жатқан кезде Түрікменстанда да тылдағы жұмысқа түрікмендердің алынуына байланысты жаппай ереуіл басталған [18]. Бұл деректерден әдебиеттің мәселесі аңғарылып тұр. Біздің еліміздегі он алтыншы жылғы көтеріліске көптеген шығармалардың арналғаны сияқты түрікмен әдебиетінде осыған ұқсас туындылар болуы мүмкін.

Түрікмен әдебиеті тарихын қарастырғанда байқағанымыз, бұл елдің әдебиетін дәуірлеу мәселесі көбіне-көп хронологиялық сипатқа бағына қоймайды. Біздегі зар заман дәстүрінің жиырмасыншы ғасырдың басына дейін жалғасып келгені, яғни, Абайдан бұрын басталып, Абайдан кейін де сабақтасып жатқаны сияқты, түрікмен әдебиетінде де кейбір үрдістер бірнеше ғасыр бойы дамыды. Осы аралықта мүлде басқа әдеби дәстүрлер орнығып, өркен жайды. Жанрлық жіктеу, тілдік топтау мәселелері де түрікмен әдебиеті тарихын дәуірлеу кезінде басты назарда болмақ. Сондықтан, бұл елдің әдебиетін кезеңдеу үшін басты бағдар болатын белгілі бір әдістерге сүйену керек. Өйткені, қазақ ғалымы Ш.Елеуқенов айтқандай, «Әдісі жоқ ғылым өрге баспайды. Әдебиеттану әдебиет туралы ғылымдардың методологиялық негізі болып қызмет етуі керек. Ол бір жағынан философиямен, диалектикалық әдіспен қанаттанса, екінші жағынан өз жүйесіндегі дара ғылымдардың (әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, сыны, т.б. барлығымен жалғаса, сабақтаса отырып жасалуы тиіс» [19].

Түрікмен әдебиеті тарихын дәуірлеудегі принцип ұлттық ұстаныммен сабақтасып жатқаны жөн. Әдебиет – ұлттың рухани мұрасы болғандықтан ол сол ұлттың ахуалынан тыс дамымайды. Халықтың сөз өнерінде сол халықтың ойлау жүйесі көрініс табады. Әдебиетті дәуірлеу – ұлттың тарихын дәуірлеумен үйлесетін ұғым. Бұл мәселені арнайы қарастырған қазақ ғалымы А.Жұмағұлов айтқандай, «Сөз өнерінің тарихын жүйелі зерттеу – әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесінің ғылыми негіздерін айқындау мен осы бағытта атқарылған зерттеушілік тәжірибе мәселесімен тығыз байланысты құбылыс» [13, 129].

Жалпы, түрікмен әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесі бір кезде ортақ тарихи дамуды бастан өткерген түркі халықтарының әдебиетін дәуірлеу үлгілерімен салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Ең алдымен бұлардың рухани дамуындағы ортақ белгілер мен өзіндік айырмашылықтарды айқындап алу өте маңызды. Әрине, әр әдебиеттің әртүрлі арна бойынша ілгерілейтіні, оның бағыт-бағдарының қалыптасуына әрқилы факторлар әсер ететіні баршаға мәлім. Соған қарамастан түркі халықтары әдебиеттерінің бәріне ортақ даму үрдістері бар екені даусыз. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ әдебиетін дәуірлеуде жаңаша үлгі көрсеткен зерттеуші И.Нұрахметұлы ұсынған нұсқаны қарастыруға болады. Ол «Ұлыстық әдебиеттен ұлттық әдебиетке дейін» атты еңбегінде әлемдік әдебиетті дәуірлеудің бірнеше үлгілерін мысалға келтіреді. Атап айтқанда, қытай әдебиеті тарихының «Байырғы заман әдебиеті», «Таяу заман әдебиеті», «Осы заман әдебиеті», «Қазіргі заман әдебиеті» болып жіктелетінін баяндайды. Сондай-ақ, Х.А.Гиббидің «Араб әдебиеті» атты еңбегінде араб әдебиеті «Қаһармандар

дәуірі (500-622 ж.ж.), «Гүлдену дәуірі әдебиеті» (622-750 ж.ж.), «Араб әдебиетінің алтын дәуірі» (750-1055 ж.ж.), «Араб әдебиетінің күміс дәуірі» (1055-1258 ж.ж.), «Мәмлүк дәуірі әдебиеті» (1258-1800 ж.ж.) болып бөлінгені туралы осы зерттеуде көрсетілген [20, 11]. Бұл орайда негізінен уақыттық үрдіс, яғни хронологиялық тәртіп басшылыққа алынады. Солай бола тұрса да бұл үлгілердің ел өміріндегі елеулі оқиғалармен, тарихи кезеңдермен тығыз байланысты екенін көреміз. Сол тұрғыдан сараласақ, ежелгі дәуірден бүгінге дейін жеткен түрікмен ұлтының тарихы да мұндай жіктеуден кенде болмақ емес.

Әлемдегі бірқатар елдер әдебиетінің тарихын дәуірлеудің үлгілерін баяндаған И.Нұрахметұлының зерттеу еңбегінің құрылымының өзі әдебиет тарихын дәуірлеудің бір мысалын танытып тұр. Ол әдебиеттің ілгерідегі дәуірін «Ұлыстық дәуір әдебиеті» және «Ұлттық дәуір әдебиеті» деп екіге бөледі. Ұлыстық дәуір әдебиетін «Сақ дәуірі әдебиеті», «Ғұн дәуірі әдебиеті», «Үйсін-Қаңлы дәуірі әдебиеті», «Түркі қағанаты дәуірі әдебиеті», «Қанаттас қағанаттар дәуірі әдебиеті», «Алтын Орда дәуірі әдебиеті» деп жіктейді. Бұл тұрғыда автордың өзі атап көрсеткендей, этностың даму барысы негізге алынады. Ол ұлттық дәуір әдебиетін «Қазақ хандығына дейінгі әдебиет», «Қазақ хандығынан кейінгі әдебиет» деп екіге бөледі. Яғни, бұл – белгілі бір ұлт толық қалыптасқанға немесе өз атымен аталатын ұлт болып орныққанға дейінгі және онан кейінгі кезеңге лайықтап жіктеудің үлгісі. Осы үлгімен қалыптау туыс халықтар әдебиеттері үшін де тиімді болар еді. Олардың әбден кемеліне келген қазақ немесе түрікмен ұлты болып орныққанға дейін талай даму сатыларын бастан өткергені, ол кезеңдерде түрлі ұлыстармен тарихи тұрғыдан тағдырлас болғаны баршаға мәлім. Осыған орай профессор Д.Ысқақұлының «Түркілік ортақ әдебиетке түркі халықтарының әрқайсысы тарих сахнасына жеке мемлекет, ұлт болып шыққанға дейінгі дәуір жатады. Мысалы, қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақ халықтарының төл әдебиет тарихтары шамамен XV ғасырдан, түрік, азербайжан, шуваш әдебиеттері одан әрегіректен бастау алады» [21, 236], – деген пікірін назарда ұстаған жөн.

Әдебиет тарихын дәуірлеу қағидаттарын түсіндіру кезінде И.Нұрахметұлының мына тұжырымын есепке алмауға болмайды. Ол Алтын Орда дәуірінің әдебиетін тілдік ерекшеліктері тұрғысынан үшке бөледі. Алтын Орда дәуіріндегі шағатай тілді әдебиеттер, Алтын Орда дәуіріндегі қытай тілді әдебиеттер, Алтын Орда дәуіріндегі қыпшақ ескерткіштері [20, 127-133]. Әдебиетті дәуірлеудегі тілдік жіктелім – бұрыннан ұсынылып жүрген әдістердің бірі. Ал түрікмен әдебиетінің бүкіл тарихының алтын қорының біраз бөлігі бірнеше тілде жазылған рухани жәдігерліктерден құралған. Сондықтан бұл елдің әдебиетінің ілгері замандағы тарихын дәуірлегенде тілдік тұрғыдан жіктеу тәсілін қолданған дұрыс па дейміз. Осы жағынан алсақ, шағатай тіліндегі түрікмен әдебиеті, түрік тіліндегі түрікмен әдебиеті, парсы тіліндегі түрікмен әдебиеті сияқты тілдік қағидат бойынша бөлу тәжірибесін ескеру қажеттігі туындайды.

Кез-келген елдің әдебиет тарихын дәуірлеудегі басты міндет – оны мемлекеттің тарихымен, ұлттың дамуымен тығыз байланыста қарастыру. Ел тарихының белгілі бір кезеңдері әдебиеттің ілгерілеуі үшін қолайлы болады да, сол мезгілде ұлттың рухани ұстынына айналған классикалық туындылар өмірге келеді. Белгілі бір елдердің әдебиетінде «алтын ғасыр», «алтын дәуір» деп аталып, бүкілхалықтық шығармашылық тұлғаларды руханият өрісіне шығарған жемісті кезеңдер – осындай тарихи ахуалдың оң ықпалының нәтижесі. Бірақ мынадай жайтты да ескерген жөн. Халыққа аса жайлы, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған жаймашуақ заман ғана емес, елді күйзеліске түсірген зарлы дәуір де шынайы әдебиетті туғызады. Әдебиетті дәуірлеу кезінде мұндай кезеңдердің атауы кейде тарихи ахуалмен байланысты белгіленеді. Біздің қазақ



әдебиетіндегі «Отаршылдық дәуір әдебиеті», «Зар заман әдебиеті», «Ояну дәуірі әдебиеті» деген секілді жіктелістер осыған мысал бола алады. Алайда тарихи дәуірмен байланысты кезең ұзаққа созылып, екі-үш ғасырды қамтитын болса, оның өзі ішінара бөлінуі мүмкін.

Түрікмен әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесін қарастыру арқылы бірқатар жәйттерге көз жеткіздік. Бұл орайда айқындап алатын басты нәрсе – ұлттық әдебиет пен түркілік әдебиеттің ара жігін ажырату. Осы екі меженің ұштасатын тұсы барлық халықтар үшін бірдей бола бермейді. Бұған бірқатар халықтардың ортақ мұраны өздеріне көбірек телуге бейімдігі, ұлттық әдебиеттің бастау мерзімін өздерінше белгілеуі, тарихи оқиғаларға әр елдің өзгеше көзқарасы, тарихи тұлғаларды меншіктеуі сияқты түрлі факторлар әсер етеді. Сондықтан, «Ортақ әдебиет тарихының зерттеу нысаны – алдымен, анықталып алынуы тиіс күрделі мәселенің бірі. Түркі халықтарының әдебиеті дегеніміз не, ұлттық әдебиет пен түркілік әдебиеттің ара жігі қалай, ортақ әдебиетке қай дәуірлер жатады, ұлттық, түркілік әдебиетке қандай әдебиетті жатқызып, негізгі өлшем ретінде тегі, жері, тілі сияқты өлшемдердің қайсысын аламыз деген секілді сандаған сауалдар ғылыми тұрғыдан жауаптар күтуде» [21, 214], – деген тұжырымға сүйенсек, әлі де бірқатар проблемаларды шешу қажеттігін ұғынамыз.

Ол үшін біріншіден, әр елдің әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдарының ой-пікір үндестігіне қол жеткізу өте маңызды. Екіншіден, ортақ әдебиет тарихы қамтылатын елдер өкілдерінің жүйелі бас қосулары ғана бұл мәселені түбегейлі реттеуге жол ашады. Үшіншіден, ортақ әдебиет тарихын жасау кезінде ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, оның жұтылып кетпеуін қадағалау керек. Төртіншіден, ортақ әдебиет тарихын ұлттық әдебиетті дәуірлеу мәселесімен тығыз бірлікте қарастыру қажет. Бесіншіден, әдебиет тарихын дәуірлеудің бұрын-соңды қарастырылған үлгілерінің бәрін есепке ала отырып, қорытынды жасаған дұрыс. Алтыншыдан, әдебиетті дәуірлеудің жалпы теориялық талаптарына сай келе бермейтін факторлар мен ұлттық үрдістерді де естен шығармаған абзал. Жетіншіден, Шығыс әдебиетінің, оның ішінде Орталық Азия халықтары әдебиетінің даму заңдылықтарын алға тарқан дұрыс болар еді.

Көп уақыт бойы түрікмен әдебиетін тарихын дәуірлеу мәселесі кеңестік жүйе талаптарына бағындырылып келгені мәлім. Ұлттың арғы тарихындағы әдебиет мәселесі жалпылама айтылып, кеңестік жүйе орныққаннан кейінгі оқиғаларға орай жіктеуге көбірек мән берілді. Сондықтан «Жиырмамыншы ғасыр басындағы әдебиет», «Отызыншы жылдардағы (немесе колхоздастыру дәуіріндегі әдебиет)», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әдебиет», «Ұлы Отан соғысынан кейінгі әдебиет» деп бөлу одақтас республикалар әдебиеттерінің бәріне тән болды. Мысалы, М.Агаева «Туркменская литература» деген библиографиялық көрсеткішінің құрылымын «Қазақ төңкерісіне дейінгі әдебиет» және «Кеңес әдебиеті» деп екіге бөледі.

Осы айтылғандарды саралай келе, хронологиялық тұрғыдан алсақ, «Ежелгі дәуірдегі түрікмен әдебиеті», «Орта ғасырлардағы түрікмен әдебиеті», «Отаршылдық дәуірдегі түрікмен әдебиеті». «Ағартушылық бағыттағы әдебиет», «Кеңестік дәуірдегі түрікмен әдебиеті», «Түрікменнің жаңа әдебиеті» деп түркі халықтарының көпшілігіне ортақ жалпы желімен жіктеуге болады. Ал оның ішінде түрікмен тарихына орай, ұлттық мүддеге, тілдік ұстанымға, жанрлық үлгілерге сай жіктеу түрікменнің өз зерттеушілерінің үлесіндегі шаруа деп білеміз.

Әдебиет тарихы – дәуірдің даму заңдылықтарына орай ілгерілейтін, шығармашылық тұлғалардың орнын айқындайтын, қастерлі мәдени-рухани құндылықтардың бағасын беретін, ұзақ уақыт бойы қалыптасатын күрделі процесс. Онымен бірге әдебиетті түрлі

кезеңдерге бөлетін дәуірлеудің алғы шарттары да қоса жүреді. Сондықтан түркі халықтары әдебиеттерінің ортақ мәселелерін үнемі зерделеп, талдау таразысынан өткізіп тұрғаннан ұтылмайтынымыз анық.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бердібай Р. Түрікмен әдебиетінің тәжі // Бес томдық шығармалар жинағы. 4 том, Алматы: Қазығұрт – 448 бет.
2. Очерк истории туркменской советской литературы. Москва: Наука, 1980. – 414 стр.
3. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII в.в. Ашхабад: Ылым, 1969. – 296 стр.
4. Агаджанов С.Г. К этнической истории огузов Средней Азии и Казахстана. Известия АН Туркменской ССР. Серия общественных наук. 1977 год, №4.
5. Байпаков К.М. Огузы, туркмены и сельджуки в городах Южного Казахстана // Вклад кочевников в развитие мировой цивилизации. Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 268 стр.
6. «Көрұғлы» // Қазақ совет энциклопедиясы. Алматы: ҚСЭ бас редакциясы, 1975. – 640 бет.
7. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы. «Көрұғлы» жыры // Көптомдық шығармалар жинағы. 1 том. Фольклортану мәселелері. Алматы: МерСал: 2004. – 554 бет.
8. Брагинский И.С. Литературы Средней Азии (в соавторстве с У.Каримовым, А. П.Каюмовым, С.Дурдыевым, М.Овезгельдыевым) // История всемирной литературы. 4 том. Москва: Наука, 1987. – 688 стр.
9. Агаева М. Туркменская литература. Москва: Книга, 1980. – 207 стр.
10. Османова З.Г. Введение. Литературы Средней Азии и Казахстана (первой половины XIX в.) // История всемирной литературы. 6 том. Москва: Наука, 1989. – 880 стр.
11. Жұмагелдиев Т. Қазақ жазушыларының шығармаларындағы түрікмендер. «Сын» журналы, 2010, № 3.
12. Жеменей И. Шынайы тарихымыз – Шығыста. Айқын, 2013 жыл, 3 қыркүйек.
13. Жұмағұлов А. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудің ғылыми тәжірибесі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Астана, 2007. – 148 бет.
14. Литература // Туркменская Советская Социалистическая Республика. Ашхабат: Главная редакция туркменской советской энциклопедии, 1984. – 474 стр.
15. Реджепов Р. Гадым түркмен әдебияты. Ашхабат: Ылым, 1991. – 344 бет.
16. Мырзахметов М. Отаршылдық дәуірдегі қазақ әдебиеті. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесі. Жұлдыз, 1993, №7.
17. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 бет.
18. *История Туркменстана*. [www.centralasia-travel.com/ru](http://www.centralasia-travel.com/ru) сайтынан
19. Елеуқенов Ш. Революцияға дейінгі қазақ әдебиеті тарихын кезеңдеу хақында ойлар. Заман Қазақстан, 1999 жыл, 7 шілде.
20. Нұрахметұлы И. Ұлыстық әдебиеттен ұлттық әдебиетке дейін (б.з.д. X ғ. – XVIII ғ. дейін). Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2005. – 196 бет.
21. Ысқақұлы Д. Әдебиет тарихын зерттеудің өзекті мәселелері. Жұлдыз, 2012, №11.